

№20 Т. Бердияров атындағы жалпы орта мектебінің

2021-2022 оқу жылындағы

Педагог-психологтардың атқарған жұмыс мәліметі.

Мақсаты: Оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін, тұлғааралығын өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу. Оқушылардың психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысымен біліктілікті дамыту. Педагогикалық үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді шешуге көмектесу, психологиялық мәдениетін көтеру.

Психологиялық қызметтің міндеті:

- Өмірге икемді, алдағы атқаратын істерді толық сезе білетін, өмірге көзқарасы қажетті дәреже таныта алатын тұлғаны тәрбиелеу;
- Әрбір оқушыға мақсатты айқын мәдени - өнімдік тұлға болуға әсер ету;
- Әрбір оқушының өз мінез- құлқының мүмкіндіктерін ашуға көмектесу;
- Ұжымда жағымды психологиялық хал- ахуалдың болуына әсер ету;
- Жекелеген ауытқушылықтардың алдын алу;
- Бәсекеге қабілетті маман даярлауға психологиялық әсер ету.

№20 Т. Бердияров атындағы жалпы орта мектептің психологиялық қызметтің негізгі бағыттары

Психологиялық зерртеу

Мақсаты: Тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін, сондай-ақ тұлға аралық өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу, жан-жақты толық мүмкіндіктерін ашу.

Психологиялық алдын-алу

Мақсаты: Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау, алдын алу шараларын ұйымдастыру.

Психологиялық түзету, дамыту

Мақсаты: Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуындағы кездескен келеңсіздіктерді теңестіру, түзету жұмыстары, жалпы оқу дағдысы мен біліктілік деңгейін арттыру.

Психологиялық кеңес беру

Мақсаты: Педагогикалық үрдіске қатынасушылардың барлығына дамыту, оқыту, тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңестер беру.


Психологиялық азарту

Мақсаты: Педагогикалық үрдіске қатынасушылардың психологиялық мәдениетін көтеріп, психологиялық білімге жұмылдыру шаралар ұйымдастыру.


Психологиялық диагностика

Психологиялық диагностика бағыты бойынша 3 - 4 сынып оқушыларына танымдық қабілетті арттыратын тесттер, тренинг ойын жаттығулар, соцеметриялық әдістемелер алынды.

3 сынып оқушыларының мюнстерберг әдістемесінің қорытындысының диаграммасы.



4- сынып оқушыларының суб тестерінің қорытындысының диаграммасы.



Психодиагностика жүргізу кезеңдері:

I. Оқушымен жеке әңгіме-сұхбат

- Жалпы өзі жайлы толығырақ ақпарат алу;
- Мектептегі сынып аралық ауысуындағы қиындық себебін білу;
- Отбасымен, достарымен қарым-қатынасын білу;

Жыл бойы психодиагностикалық жұмыстар нақты бір стандарттарға байланысты өткізіледі.

Диагностикалық жұмыстар келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

МАД топтары танымдық ойындар. Керн Йраск тесті.

Танымдық қабілетін, сенсорлы моторикасын дамытатын ойындар.

- 1 сыныптар оқушыларының мектепке дайындағын анықтау.

Керн Йраск тесті

2 сыныптар Бейімделуін анықтау сауалнамасы алынып, анықталды.

«Социяметрия» тесті

- 3 сыныптар

3 сыныптардың ойлау қабілетін анықтау әдістемесі.

- 4 сыныптар

Сауалнама. «Мазасыздық шкаласы» әдістемесі.

Мақсаты: оқушы бойындағы мазасыздықтың басым түрін анықтау.

- 5 сыныптар

Филипстің оқушылардың мазасыздануын анықтау әдістемесі.

Сурет әдістемесі «Үй адам ағаш».

- 6 сыныптар

Жеке қызығушылықтар сауалнамасы «Қызығушылық картасы».

Сурет әдістемесі «Үй адам ағаш».

- 7 сыныптар

Жеке қызығушылықтар сауалнамасы «қызығушылық картасы».

- 8 сыныптар

Айзенктің мінезді анықтау сауалнамасы.

«Өз-өзіңе сенімділік» әдістемесі.

- 11 сыныптар

Мамандыққа байланысты сауалнамалар алынды, сарапталды. Тренинг сабақтар өтілді.

Жоғары буын 10-11 сыныптардағы кейбір оқушыларға мамандыққа байланысты, таңдау пәндеріне байланысты кеңестер, берілді, тренингтер өтілді.

5-11 сынып арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында «Бестерек » жобасынын кабинеттік және далалық талдауы жасалды, оқушылар арасында эссе, сауалнама, проективті «үй», «ағаш», «адам», «жаңбыр астындағы адам» әдістері алыныды, талданып сарапталды. Сынып аралық тәуекел тобына жатқызылған оқушылар анықталып есепке алынды. Оны психологтың жеке тізіміне алып, онымен жеке сұқбаттасу, кеңес беру, т.б жұмыстар жүргізілді.

Психологиялық зерттеу:

5-11 сынып арасында зерттеу нәтижесіне сүйене отырып тәуекел тобына 76 оқушы тіркелді. Тәуекел тобына тіркелген 76-оқушының, 74- оқушы жасыл

деңгейде, 1- оқушы сары деңгейде, 1- оқушы қызыл деңгейге тіркелді.

Аутодеструктивті мінез-құлықты оқушыларды болдырмау мақсатында ата аналармен жұмыстар төмендегідей атқарылды. «Сіз баланыздың досын танысыз ба?» тақырыбында ата-аналарға пікір талас ұйымдастырылды.

Ата - аналардың барлық ойлары тыңдалып, ата анамен бала арасындағы түсініспеушіліктің ортадағы тығыз байланыстың болмауынан, көп көңіл бөлмеуден болатыны туралы ортаға ой тасталды.

Ертежүктілікке байланысты қыздарға дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

«Ұл бала мен қыз бала сыйластығы» тақырыбында тренинг өткізілді.

5 –сынып оқушыларының ата аналарынан «жақсы тәрбиеші, үлгілі ата ана бола аласыз ба?» тақырыбында сауалнама алынып, сарапталды. Нәтижесінде: ата аналар баласымен қарым-қатынасты одан ары нығайту керек екендігі анықталды. Достарын білуге ,сол дастарының немен айналысатын бақылауда ұстау қажеттігі байқалды.

5-7 сынып оқушылары арасында «Менің отбасым- сыйластық орнаған орта» тақырыбында эссе алынды. Эссе қорытындысына анықталғаны оқушылар мен ата аналар арасында сыйластықтың бар екені, отбасындағы бір – біріне деген құрметтің түзу жолға қойылғандығы анықталды.

8-сынып оқушыларына «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» тақырынды ауқымды дебат өткізілді. Оқушылар арасындағы келеңсіз оқиғаларды болдырмау, алдын алау мақсатында. Оқушылардың тұшымды ой пікірі тыңдалды.

Қырқүйек және мамыр айлары аралығында жүргізілген жұмыстар. Қырқүйек, қазан айларында 11 сынып оқушыларымен психологиялық саулығын сақтау мақсатында түзету – дамыту жұмыстары жүргізілді. ҰБТ – дан төмен көрсеткіш көрсетіп жатқан оқушылармен психологиялық кеңес беру, жеке сұқбат , жұмыстары жүргізілді.

11 сынып оқушыларының ата – аналарымен ҰБТ ға байланысты жиналыс өткізілді. Жиналыста ҰБТ нәтижелері таныстырылып, ата – аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. ҰБТ тапсыратын оқушылардың ата – аналарына психологиялық қолдау көрсетілді.

Қаңтар айында «Бес терек» жобасы аясында оқушылармен сауалнама , «Менің арманым» деген тақырыпта эссе, «Ұй, адам, ағаш» әдістемесі жүргізілді. Осы әдістемелерді жүргізу барысында оқушылардан анықталған мәселелер бойынша дер кезінде психологиялық қолдау жұмыстары жүргізілді.

Ақпан айында 11 сынып оқушыларымен «Кәсіптік өзін – өзі анықтау», «Көпір» , «Мен қалаған мамандық» «Туылған күн» психологиялық ойын жаттығулары жүргізілді. ҰБТ – дан төмен көрсеткіш көрсетіп жатқан

оқушылармен психологиялық қолдау , кеңес беру, жеке сұқбат , жұмыстары жүргізілді.

ҰБТ алдындағы мазасыздану, қобалжуды, үрейді алдын алу мақсатында «Кедергіні жеңу», «Тез ауысулар» «Менің көңіл күйім қандай?», «Өзіңді бақылай аласыңба», «Ақиқат орындығы» жаттығулары жүргізілді.

Наурыз айында аутодеструктивті мінез құлықтың алдын алу мақсатында топтық тренинг жүргізу арқылы бала бойындағы суицидтік мінез – құлықтан арылту мақсатында «Өмірлік мақсаттар» , «Мен өмірді таңдаймын», «Мейірімділік алаңы» «Мәнді адамдар» деген тақырыпта тренинг сабақтар жүргізілді.


Сәуір мамыр айларында ҰБТ алдындағы мазасыздану, қобалжуды, үрейді алдын алу мақсатында «Көзбен байланыс», «Сыпайылық қойылымы», «Менің көңіл - күйім неге ұқсайды?», «Сезімді анықта», «Көзбен байланыс» жаттығулары жүргізілді.

Ата – аналармен жыл бойына жоспарға сәйкес «Сіздің балаңыз үшін мамандықты кім таңдайды» ата – аналарға кәсіби бағдар бойынша кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Ата –аналарға интернет сайттары бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ата – аналармен жұмыс аутогрессияның алдын алу бойынша «Жасөспірімдік кезеңнің психологиялық ерекшеліктері» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық алдын алу, зорлық зомбылықтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. ҰБТ жыл бойына ата – аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп отырылды.

Қорытынды: Жалпы өткізілген тренингтер мен тестер мақсатына жетті. Барлық оқушылар белсене қатысып, қызығушылық танытты. Әр бір түзету дамыту жұмыстарына жеке кеңес, топтық жұмыс, психологиялық ағарту жұмыстарынан оқушылар өзіне оң нәтиже алды деп есептеймін. Білім мен тәрбие алу барысында танымдық қабілеттерінің артуына оң әсерін тигізді.

Ұсыныс:

- Оқу-тәрбие үрдісінде қиындық тудыратын оқушыларға ерекше көңіл аударып, жекеше жұмыстарды жандандыру.
- Ата-аналардың өз балаларына деген сенімділігі мен қарым-қатынасының төменгі көрсеткішін жоғарлату мақсатында әртүрлі тақырыптарда тренингтер өткізу.

Мектеп психологтары:  Ж. Ильясова
 А.Айботаева